



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
Жалпыұлттық социал-демократиялық
партиясы фракциясының,
«Ауыл» халықтық-демократиялық
патриоттық партиясы фракциясының
және «Қазақстан халқы партиясы»
фракциясының депутаттарына**

*2023 жылғы 27 маусымдағы
№ ДС-275 депутаттық сауалға*

Құрметті депутаттар!

Сіздің ауылдық аумақтарды дамытуға қатысты сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Ауылдық елді мекендердің даму әлеуетін айқындауға қатысты

Ауылдық елді мекендерді (бұдан әрі - АЕМ) дамыту әлеуетін айқындау мақсатында 2019 жылғы 13 қыркүйекте «Ауылдық елді мекендерді айқындау үшін өлшем шарттарды бекіту туралы» Ұлттық экономика министрінің № 81 бұйрығы қабылданды, ол АЕМ блоктары мен бағалау өлшем шарттарын қайта қарай отырып, ауылдық елді мекендердің басымдығы үшін көрсеткіштерді есептеу әдістемесі мен моделін өзектен дірді.

Критерийлер 15 жиынтық көрсеткішті қамтитын 4 блокқа бөлінеді: демографиялық, инфрақұрылымдық, экономикалық және геокеңістікті.

Әдістемені әзірлеу кезінде 150-ден астам бағалау көрсеткіштері қаралды, оның ішінде халық санының өсу серпіні, мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының жалпы қосылған құны, халықтың жұмыспен қамтылуының өсу серпіні, олардың ірі елді мекендерге жақындығы және т. б.

Осыған сүйене отырып, АЕМ санаттары даму әлеуеті жоғары, даму әлеуеті орташа және даму әлеуеті төмен жиынтық балл негізінде айқындалады.

Әдістеме критерийлеріне сәйкес «перспективалы», «перспективасыз» санаттары ауылдық елді мекендерге қолданылмайды.

Қоныс аудару мәселелеріне қатысты

Демографиялық теңгерімсіздік пен кадр тапшылығын шешу мақсатында республика тұрғындарын еңбегі артық өңірлерден еңбек тапшылығы бар өңірлерге ерікті түрде көшіру бағдарламасы іске асырылуда (*Премьер-Министр орынбасарының – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығымен бекітілген*).

Бағдарламаның шарттарына сәйкес жергілікті атқарушы орган ауылдық елді мекендер, экономикалық даму әлеуеті орташа және жоғары шағын және моноқалалар, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ экономикалық өсу орталығы қатарынан қоныс аудару үшін елді мекендердің тізбесін қалыптастырады.

Бағдарламаның барлық қатысушыларына еңбек тапшылығы бар өңірлерге қоныс аудару кезінде мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі.

Анықтама: мемлекеттік қолдау шаралары мыналарды қамтиды:

- көшуге арналған шығыстарды өтеуге материалдық көмек әр адамға 70 АЕК;
- бір отбасына 15-тен 30 АЕК-ке дейінгі мөлшерде тұрғын үйді жалдауға және жалға алуға арналған шығыстарды өтеу;
- әрбір қоныс аударушыға 400 АЕК мөлшерінде қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушілер үшін субсидиялар.

Бұдан басқа, 2023-2027 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасы шеңберінде (*Үкіметтің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 961 қаулысымен бекітілген*) қоныс аударушыларға тұрғын үй құнының 50% мөлшерінде, бірақ 4 млн. теңгеден аспайтын экономикалық ұтқырлық сертификаты ұсынылады.

Анықтама: 2023 жылы республикалық бюджетте экономикалық ұтқырлық сертификаттарын ұсыну үшін 10,1 млрд теңге көзделген, олар жалпы сипаттағы трансферттер арқылы жергілікті атқарушы органдардың бюджеттеріне берілді.

Сондай-ақ, «Ауыл аманаты» жобасы аясында қоныс аударушыларға 7 жылға жылдық 2,5% - бен шағын несие алуға мүмкіндік беріледі. Ағымдағы жылы республикалық бюджеттен осы мақсаттарға 100 млрд теңгеге жуық қаражат көзделген.

Тұтастай алғанда, уәкілетті орган ішкі көші-қонды реттеу және осы саладағы саясатты жетілдіру бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізуде.

Шекаралас аумақтарды дамыту мәселесіне қатысты

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру үшін а.ж. наурызда Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды (*Үкіметтің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 270 қаулысымен бекітілген*), онда шекара маңындағы аумақтарды дамыту іс-шаралары көзделген.

Атап айтқанда, жұмыс күші тапшы облыстардың шалғайдағы солтүстік және шығыс шекара маңындағы ауылдық округтерінде жұмыс істеу үшін бюджеттік ұйымдарда сұранысқа ие мамандықтар бойынша жалақыға 50% ауылдық үстемеақы енгізу мәселесі пысықталатын болады.

Табиғи-климаттық жағдайлары ерекше (жылыту маусымы 9 ай) шекара маңындағы шалғай ауылдық округтердегі бюджеттік ұйымдарда сұранысқа ие мамандықтар бойынша еңбек қызметін жүзеге асыратын тұрғындар үшін оларды әлеуметтік және еңбекпен қамтамасыз ету мүмкіндігі қаралатын болады.

Қаулыда ҚХР-мен шектесетін шекаралас аудандардың (*Катонқарағай, Большенарым, Күршім, Марқакөл, Мақаншы және бақалары*) әкімшілік-аумақтық маңыздылығын арттыруға ерекше назар аударылды.

Осылайша, аталған қолдау шаралары шекара маңындағы аумақтардың одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін болады.

Ауылдық елді мекендер тізбесімен ауылдық аумақтарды дамыту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы толыққанды ақпаратты Ұлттық экономика министрлігі Сіздің атыңызға жолдайтын болады.

Жалпы, депутаттық сауалда көтерілген ауылдық және шекара маңындағы аумақтарды дамыту, сондай-ақ республика тұрғындарын жұмыс күші көп өңірлерден жұмыс күші жетіспейтін өңірлерге қоныс аудару мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында болады.

Ә. Смайылов



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
фракции партий
«Общенациональная
социал-демократическая партия»,
Народно-демократическая
патриотическая партия «Ауыл» и
«Народная партия Казахстана»

На № ДЗ-275 от 27 июня 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш запрос касательно развития сельских территорий, сообщаю следующее.

Касательно определения потенциала развития сельских населенных пунктов

В целях определения потенциала развития сельских населенных пунктов (далее - СНП) 13 сентября 2019 года принят приказ Министра национальной экономики № 81 «Об утверждении критериев для определения сельских населенных пунктов», которым актуализированы методика и модели расчета показателей для приоритетности сельских населенных пунктов с пересмотром блоков СНП и критериев оценки.

Критерии подразделяются на 4 блока, включающие 15 совокупных показателей: демографический, инфраструктурный, экономический и геопропространственный.

При разработке Методики было рассмотрено более 150 оценочных показателей, в том числе динамика роста численности населения, валовая добавленная стоимость животноводства и растениеводства, динамика роста занятости населения, их близость к крупным населенным пунктам и др.

Исходя из этого, категории СНП определяются на основе совокупного балла с высоким потенциалом развития, средним потенциалом развития и низким потенциалом развития.

В соответствии с критериями Методики, категории «перспективный», «бесперспективный» к сельским населенным пунктам не применяется.

Касательно вопросов переселения

В целях решения демографического дисбаланса и кадрового дефицита реализуется программа добровольного переселения жителей республики из трудоизбыточных в трудодефицитные регионы (*утверждена приказом Заместителя Премьер-Министра – Министра труда и социальной защиты населения 22 июня 2023 года № 234*).

В соответствии с условиями программы местный исполнительный орган формирует перечень населенных пунктов для переселения из числа сельских населенных пунктов, малых и моногородов со средним и высоким потенциалом экономического развития, городов областного и районного значения, а также центра экономического роста.

Всем участникам программы при переселении в трудодефицитные регионы оказываются меры государственной поддержки.

Справочно: Меры государственной поддержки включают в себя:

- материальную помощь на возмещение расходов на переезд в размере 70 МРП на каждого человека;
- возмещение расходов на найм и аренду жилья в размере от 15 до 30 МРП на семью;
- субсидии для работодателей, оказывающих содействие в переселении в размере 400 МРП на каждого переселенца.

Кроме того, в рамках Концепции миграционной политики на 2023-2027 годы (*утверждена постановлением Правительства 30 ноября 2022 года № 961*) переселенцам представляется сертификат экономической мобильности в размере 50% от стоимости жилья, но не более 4 млн. тенге.

Справочно: В 2023 году для предоставления сертификатов экономической мобильности в республиканском бюджете предусмотрено 10,1 млрд тенге, которые через трансферты общего характера переданы в бюджеты местных исполнительных органов.

Также в рамках проекта «Ауыл аманаты» переселенцам дается возможность получения микрокредита под 2,5 % годовых на 7 лет. В текущем году из республиканского бюджета на эти цели предусмотрено порядка 100 млрд тенге.

В целом, уполномоченным органом на постоянной основе проводится работа по регулированию внутренней миграции и совершенствованию политики в данной сфере.

Касательно вопроса развития приграничных территорий

В реализацию поручения Главы государства в марте т.г. принята Концепция развития сельских территорий Республики Казахстан на 2023-2027 годы (*утверждена постановлением Правительства 28 марта 2023 года № 270*), которой предусмотрены мероприятия по развитию приграничных территорий.

В частности, будет проработан вопрос внедрения до 50% сельской надбавки к окладу по востребованным специальностям бюджетных организаций за работу в отдаленных северных и восточных приграничных сельских округах трудодефицитных областей.

Для жителей отдаленных приграничных сельских округов с экстремальными природно-климатическими условиями (отопительный сезон 9 месяцев), осуществляющих трудовую деятельность по востребованным

специальностям в бюджетных организациях, будет рассмотрена возможность по их социальному и трудовому обеспечению.

Отдельное внимание в постановлении уделено повышению административно-территориальной значимости приграничных районов, граничащих с КНР (*Катон-Карагайский, Большенарымский, Курчумский, Маркакольский, Маканчинский и другие*).

Таким образом, указанные меры поддержки будут способствовать дальнейшему социально-экономическому развитию приграничных территорий.

Более подробная информация о проводимой работе по развитию сельских территорий с перечнем сельских населенных пунктов, будет направлена в ваш адрес Министерством национальной экономики.

В целом, все поднимаемые в депутатском запросе вопросы развития сельских и приграничных территорий, а также переселения жителей республики из трудоизбыточных в трудодефицитные регионы находятся на постоянном контроле Правительства.

А. Смаилов